

## Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуды ынталандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қазандағы N 1311 қаулысы

*Ескерту. 7 тармағынан басқасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258 қаулысымен.*

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1	.	<	*	>
2	.	<	*	>
3	.	<	*	>
4	.	<	*	>

*Ескерту. 1,2-тармақтарының, 4-тармағындағы 1,2-абзацтарының күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1996.01.26. N 102 қаулысымен.*

*Ескерту. 3,4-тармақтарының күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1998.05.13. N 431 қаулысымен.*

5. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

электр энергиясының аймақтық тарифтерінің бір апта мерзімде қайта қаралуын қамтамасыз етсін, мұнда электр энергиясының тұтынушыларға жеткізілуінің технологиялық ерекшеліктері, аймақтардың арасындағы айырмашылықтың азайғаны ескерілсін;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы табиғи монополист-кәсіпорындардың атаулы мемлекеттік тізбесіне енгізілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің шығындарының құрамы мен пайдасын пайдалануына жеке бақылау жасауын қамтамасыз етсін;

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп коммуналдық қызмет шығындарының деңгейін бақылауға алсын;  
жүргізілген жұмыс туралы Үкіметке 1995 жылдың 1 желтоқсанына дейін баяндасын.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп селолық жерлерде электр энергиясын тұтынудың: тауар өндіруші, әлеуметтік сала, халық санаттары бойынша жеке есепке алынуын 1996 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде қамтамасыз етсін.

